КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

23 қыркүйек 2025 жыл №4712-25-00-2/3260 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Баққара» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану,
2) тұрақсыздық айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Баққара» ЖК-ін сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл сомасын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Баққара» ЖК-і мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Баққара» ЖК-нен мемлекет пайдасына 19 644 (он тоғыз мың алты жүз қырық төрт) теңге 25 (жиырма бес) тиын тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік баж алымы 2555 (екі мың бес жүз елу бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 24.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2025, судья Бекболатов А. Т., 06.11.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 24.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2025, судья Бекболатов А. Т., 06.11.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

4712-25-3-1/3047